

А.И. Дуйсебаева<sup>1</sup>, Ж.Б. Кундакбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup> PhD, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

Қазақстан, Алматы

e-mail: [a.duisebayeva@gmail.com](mailto:a.duisebayeva@gmail.com)

<sup>2</sup>Тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

Қазақстан, Алматы

e-mail: [zhkundakbayeva@gmail.com](mailto:zhkundakbayeva@gmail.com)

## «ЖАНУАРЛАР МҰРАҒАТЫ»: ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ШЕКАРАЛАРДЫ ЕҢСЕРУ

### Аңдатпа

Мақалада гуманитарлық ғылымдардағы «жануарларға бетбұрыс» (animal turn) атты бағыт ауысымының нәтижесінде пайда болған «жануарлар тарихы» (animal history) атты жаңа субпәннің қалыптасуы қарастырылады. Мақаланың әдіснамалық негізі өткенді адам-жануар қарым-қатынастары призмасы арқылы зерттейтін «жануарлар тарихы» (animal history) сияқты тарихи зерттеулер саласындағы батыс ағылшын тіліндегі әдебиеттерді талдауға негізделген. Мақала авторлары дереккөздерді сыни тұрғыдан қайта қарау арқылы «жануарлар мұрағаты» түсінігін қарастыра отырып, жануарларды тарих субъектісі ретінде зерттеудің әдіснамалық мәселелерін талдайды. Яғни, антропоцентризмді жеңу, жануарларды тарихи субъектілер ретінде тану және олардың «агенттігін» (agency) мойындау, сонымен қатар тарихи дереккөздердегі жануарлардың «дауысы» мәселелері талқыланады. Этологияны, жергілікті білімді және мәтіндік емес дереккөздерді қамтитын деректерді оқудың пәнаралық тәсіліне ерекше назар аударады. Бұл арқылы империялық және отарлық тарих мысалдарында жануарлардың тарихи үдерістердің белсенді қатысушылары болып табылатыны көрсетіледі. Мақалада жануарлардың экономикалық ресурс, билік нышаны және отарлау құралы ретінде қызмет етуін көрсете отырып, қазақстандық тарих ғылымына жаңа түсінік беру мүмкіндіктерін ұсынады, сонымен қатар бұл тәсілдердің империялық өткенді және көрсетілген мәселедегі адам-жануар қарым-қатынасын тереңірек түсінудегі әлеуетін көрсетеді.

**Кілт сөздер:** жануарлар тарихы, жануарларға бетбұрыс, жануарлар мұрағаты, субъекттік, этология, империялық және отарлық тарих

**Алғыс айту:** Жұмыс «Империя құрылымындағы Дала өлкесінің тарихы, 1822-1917 жж.» (ЖТН АР23489947) гранттық қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды.

А.И. Дуйсебаева<sup>1</sup>, Ж.Б. Кундакбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup> PhD, КазНУ имени аль-Фараби,

Казахстан, Алматы

e-mail: [a.duisebayeva@gmail.com](mailto:a.duisebayeva@gmail.com)

<sup>2</sup>Доктор исторических наук, КазНУ имени аль-Фараби,

Казахстан, Алматы

e-mail: [zhkundakbayeva@gmail.com](mailto:zhkundakbayeva@gmail.com)

# «АРХИВЫ ЖИВОТНЫХ»: ПРЕОДОЛЕНИЕ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИХ ГРАНИЦ В ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКЕ

## Аннотация

В статье рассматривается возникновение «истории животных» (animal history) как новой субдисциплины, возникшее в результате «поворота к животным» (animal turn) в гуманитарных науках. Методологическая основа статьи исходит из анализа западной англоязычной литературы в области исторического исследования, как «история животных» (animal history), которая изучает прошлое через призму отношений человека и животных. Авторы анализируют методологические проблемы изучения животных как субъектов истории, рассматривая концепцию «архива животных» через критическое переосмысление источников. То есть в статье обсуждаются вопросы преодоления антропоцентризма, признанию животных как исторических субъектов и их «агентности» (agency) и решению проблем «голоса» животных в исторических источниках. Особое внимание уделяется междисциплинарному подходу к прочтению источников, включающему этологию, местные знания и нетекстовые источники. Это помогает показать на примерах из имперской и колониальной истории, как животные становятся не просто объектами, но и активными участниками исторических процессов. Демонстрируя, как животные служили экономическими ресурсами, символами власти и инструментами колонизации, статья предлагает интерпретационные возможности для казахстанской исторической науки и демонстрирует потенциал этого подхода для более глубокого понимания имперского прошлого и взаимоотношений человека и животных.

**Ключевые слова:** история животных (animal history), поворот к животным (animal turn), архива животных, субъектность (agency), этология, имперская и колониальная история

**Благодарность:** Работа выполнена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках грантового финансирования «После контакта с имперскими структурами: История Степного края, 1822-1917 гг.» (ИРН AP23489947)

A.I. Duisebayeva<sup>1</sup>, Zh.B. Kundakbayeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup> PhD, Al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty

e-mail: [a.duisebayevaaa@gmail.com](mailto:a.duisebayevaaa@gmail.com)

<sup>2</sup> Doctor of historical sciences, Al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty

e-mail: [zhkundakbayeva@gmail.com](mailto:zhkundakbayeva@gmail.com)

## «ANIMAL ARCHIVES»: CROSSING METHODOLOGICAL BOUNDARIES IN HISTORICAL SCIENCE

### Abstract

This article examines the emergence of animal history as a new subdiscipline following the «animal turn» in the humanities. The methodological basis of the article is based on the analysis of Western Anglophone literature in the field of historical research, such as animal history, which studies the past through the prism of human-animal relations. The authors analyze methodological challenges in studying animals as historical subjects, exploring the concept of «animal archives» through critical reinterpretation of sources. That is the paper discusses approaches to overcoming anthropocentrism, recognizing animals as historical actors and their «agency», and addressing issues of animal «voice» in historical sources. Special attention is given to interdisciplinary approaches to reading sources incorporating ethology, indigenous knowledge, and non-textual

sources. It helps to show, through examples from imperial and colonial history, how animals functioned not merely as objects but as active participants in historical processes. By showcasing how animals served as economic resources, symbols of power, and instruments of colonization, the article offers interpretative possibilities for Kazakhstani historical scholarship and demonstrates the potential of this approach for deeper understanding of imperial pasts and human-animal relationships.

**Keywords:** animal history, animal turn, animal archive, agency, ethology, imperial and colonial history

**Acknowledgement:** *The work was carried out with the financial support of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (IRN AP23489947) within the framework of grant funding «Encounter with Empire: the history of Stepnoi Krai, 1822-1917».*

**Кіріспе.** 1970-1980 жылдардағы мәдени және лингвистикалық өзгерістерден кейін Батыс гуманитарлық ғылымдарында парадигмалық ауысулар орын алып, тіл, билік, ұғымдар мен мағыналар, қалып пен білім өндірісі туралы түсініктер қайта қарастырылды. Бұл ғылыми зерттеулерге жаңа теориялық-әдіснамалық көзқарастың енгізілуіне және ғылымның жалпы дамуындағы пәнаралық сипаттың күшеюіне ықпал ете отырып, тарих ғылымына да әсерін тигізді.

Сонымен қатар, XX ғасырдың екінші жартысындағы жаппай әлеуметтік өзгерістер мен наразылық қозғалыстар кезеңінде экологиялық мәселелер де белсенді түрде талқыланып, кейін ғылыми дискурсқа ене бастады. Этика, мораль және тарих туралы жаңа ұғымдарды талап еткен бұл ерекше «эмансипациялық (азат ету) дискурс» нәсілдік, саяси және гендерлік құқықтар үшін күреспен тығыз байланысты болды. Бұл күресте тек физикалық зорлық-зомбылық қана емес, сонымен қатар эпистемологиялық зорлық та сезіну орын алды [1, с. 13]. Бастапқыда кең танымал болған экологиялық қозғалыс Еуропада, Үндістанда, Африкада және Латын Америкасында «қоршаған орта тарихы» (environmental history) атты ғылымның жеке бір саласы ретінде қалыптасуына негіз болды. Бұл тақырыптағы кітаптар мен мақалалар түрінде жарық көрген ғылыми еңбектердің көлемі мен зерттеулердің сан алуандығы, аталмыш бағыттың қарқынды дамып жатқанын айқын көрсетті. Адамзат пен қоршаған орта арасындағы өзара қарым-қатынастар тарихы зерттеушілерді осы қатынастардағы әртүрлі субъектілерге, әсіресе жануарлар арқылы зерттеу ерекшеліктеріне назар аударуға итермеледі. Жануарлар өз кезегінде қоршаған ортаның өзгерісін көрсете алатын маңызды индикаторы ретінде қызмет ете алды. Жануарларға деген қызығушылықтың артуы нәтижесінде қоршаған орта тарихында бұл мәселені зерттеуге арналған жаңа тәсілдер, әдістер мен әдіснамалар пайда болды. Дегенмен, ерте зерттеулерде жануарлар көбінесе кең ауқымды қоршаған орта тарихының тек бір элементі ретінде қарастырылды. Мысалы, А. Кросбидің «Экологиялық империализм» еңбегінде қара малды ауыл шаруашылық дақылдар мен арамшөптер, аурулар қатарына қойып, еуропалық биологиялық экспансияның бір бөлігі ретінде жіктейді. Бұл экспансия қоршаған ортаны өзгеріске ұшырата отырып, еуропалықтардың әлемнің көп бөлігінде үстемдік орнатуына мүмкіндік берді деп есептейді [2].

Дегенмен, гуманитарлық ғылымдар жануарларға қатысты өз бағытын өзгертіп, оларды тек биологиялық нысан ретінде ғана емес, сондай-ақ тарих, мәдениет пен қоғамның субъектілері ретінде зерделеуге «бет бұрды». Бұл саладағы зерттеу әрекеттері ерекше пәнаралық сипатқа ие болып, оған қоршаған орта тарихшылары, әлеуметтанушылар, өнер тарихшылары, философтар және басқа да мамандар қатыса бастады [3, 2-б.]. Жануарлар және олармен адамзаттың қарым-қатынастары жөніндегі қалыптасқан еңбектер гуманитарлық ғылым арасында «animal turn» (жануарлар дискурсына бетбұрыс) [4] атауымен кең ауқымды бағыттардың біріне айналды. «Animal turn» ұғымы нені білдіреді? Бұл – жануарларға, адамдар мен басқа да жануарлар арасындағы қарым-қатынастарға, сондай-ақ жануарлардың адамзат қоғамындағы рөлі мен маңызына жаңа шарттардың

негізінде жануарлар тарихына деген дамып келе жатқан ғылыми қызығушылық [5]. Жануарлармен қарым-қатынастың өзгеру үдерісі адамгершілік пен гуманистік ұмтылыстар туралы бұрынғы түсініктерге күмән келтіріп, тарих ғылымында жаңа бір қосалқы пән ретінде қалыптасқан «animal history» (жануарлар тарихы) бағытының негізін қалады [6, 123-б.]. Әрине, жануарлар тарихи мәтіндерде бұрыннан-ақ түрлі қосалқы салалар шеңберінде қарастырылып келген. Алайда бұл мәселедегі негізгі өзгеріс зерттеу тәсілдері мен мәселені өзге қырынан қарастыру кезіндегі жаңа көзқарастардың пайда болуында еді.

Осыған ұқсас тарихнамалық үрдістер «imperial history» (империялық тарих) сияқты бағыттың дамуына да түрткі болды. Бұл бағыт империяларды зерттеудің дәстүрлі тәсілдерін қайта қарастырып, «new imperial history» (жаңа империялық тарих) атты сыни тұрғыдан жаңаша бағыттың қалыптасуына негіз болды. Империялық өткенді зерттеудегі әртүрлі көзқарастар ғылыми кеңістікте жаңа бағыттардың пайда болуына жол ашты. Мысалы, еуропалық отаршылдық пен табиғи ресурстарды пайдалану жаһандық ауқымдағы жойқын күштерді, сондай-ақ жергілікті табиғатты пайдалану режимдерімен өзара әрекеттестікті зерттеуге мүмкіндік бере отырып, отарлық тарих қоршаған орта тарихына немесе жануарлар тарихына жаңа көзқарас қосу арқылы бұл бағыттарды кеңейте түсті. Билік мәселесі зерттеу объектілеріне қатысты «теориялық икемділікті» [7, 112-б.] мүмкін ете отырып, су, жануарлар, өсімдіктер, қоршаған орта және тағы басқа дәстүрлі түрде саяси емес деп саналатын құбылыстарды зерттеу аясына енгізуге жол ашты. Себебі бұл нысандардың барлығына да ортақ билік құрылымы ықпал етеді.

Қазақстан тарихындағы отарлық кезеңді зерттеу де бүгінгі таңда шетелдік тарихнамадағы жаңа әдіснамалық тәсілдерді енгізуді және зерттеу шеңберін кеңейтуді талап етеді. Отандық тарих ғылымында жануарлардың жекелеген түрлеріне арналған зерттеулер елеулі орын алады. Атап айтқанда, қазақ мәдениетіндегі жылқының рөлі мен маңыздылығы [8], оның аурулары мен оларды емдеу жолдары [9, 10], сондай-ақ дәстүрлі наным-сенімдер [11] мен жануарлардың емдік-ритуалдық тәжірибелерге қатысуы [12] туралы зерттеулер осы бағытта маңызды үлесін тигізіп отыр. Алайда тарихи үдерісті жан-жақты түсіну үшін теориялық тұжырымдамалардың, әдіснамалық құралдардың және зерттеу парадигмаларының алуан түрлілігін ескеру маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, отандық ғылым жаңа ғылыми үрдістер мен бағыттар аясында дамуы тиіс.

**Материалдар мен әдістер.** Мақаланың әдіснамалық негізі адам мен жануарлар арасындағы қатынастар призмасы негізінде өткенді зерделейтін «animal history» (жануарлар тарихы) сияқты тарихи зерттеу саласындағы батыс әдебиеттерінің талдауына сүйенеді. Жануарларды адамзат тарихындағы жай ғана фондық элементтер ретінде қарастырудың орнына, бұл тәсіл оларды тарихи субъектілер әрі ортақ тарихты жасаудағы бірлескен авторлары ретінде тануға негіздейді. Осыған байланысты бұл бағыттың генезисіне, оған тән терминологиялық аппараттың ерекшеліктеріне, зерттеудің субъектісі мен объектісін айқындау мәселелеріне, өзекті әдіснаманы және сипаттау тілін іздестіруге, сондай-ақ жануарлар тарихына байланысты байқалмай қалған дереккөздер арқылы зерделеуге мүмкіндік беретін әртүрлі пәнаралық призмаларға назар аудару маңызды болып табылады. Бұл өз кезегінде аталған бағыттың артықшылықтарын, астарлы тұстарын және оны алға тартатын ғылыми-тәжірибелік сын-тегеуріндерін айқындауға мүмкіндік береді.

Ең алдымен, аталған жануарлар тарихын жазу және олардың «агенттігі» (agency) мәселесі. Себебі жануарлар жазбаша деректер қалдырмайды және олардың субъектілік мәртебесі мойындалмайды. Яғни, жануарларды адам әрекетінің жай ғана пассивті объектісі ретінде емес, керісінше, ортақ тарихтың белсенді қатысушылары ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды. Алайда, Э. Фадж бұл мәселеге күмәнмен қарап, жануарлар «дереккөздер», яғни «мұрағат» қалдырмайтындықтан, «жануарлар тарихын» жазу техникалық тұрғыдан мүмкін емес деп есептейді. Оның пікірінше, тарихшылар тек адамзат қалдырған және адамдар жазған жазбаша дереккөздерге сүйенуі тиіс. Алайда автор бұл зерттеу саласын өткенді де, өзімізді де адамзат ретінде тану жолында қайта қарастыруға мүмкіндік беретін бағыт ретінде маңызды деп көрсетеді [13]. Сонымен қатар, бұл бағыт

антропоцентризмге (адамды әлемнің орталығы және басты мәні ретінде қарастыратын көзқарас) сын көзбен қарауға мүмкіндік бере отырып, адамға тән көзқарастарды толықтай жоққа шығармай, тарихи дереккөздерді «ағымға қарсы» [13, с. 11] немесе «керісінше» оқуды ұсынады.

Зерттеу мүмкіндіктері ретінде, этологияны (жануарлар мінез-құлқының зерттейтін ғылым) пайдалану немесе мәтіндік емес дереккөздерді (жануарлардың денесі, ауызша және көрнекі/визуалды деректер, дәстүрлі/жергілікті білім) зерттеу арқылы жұмыс жасауға болады [14, 15]. Бұл жаңа дереккөздерді іздеу маңызды, себебі жануарлар тарихи зерттеулердің негізін құрайтын мұрағаттарда (archive) жоқ немесе көрінбей қалған қатысушылар ретінде қала береді. «Мұрағат» тұжырымы жануарлар тарихына қатысты ғылыми пікірталастарда көбінесе Мишель Фуконың теориялық еңбектерімен байланыстырылады. М. Фуконың тұжырымдамасында, әсіресе «Білім археологиясы» еңбегінде, «мұрағат» деген жай ғана құжаттар жиынтығы немесе мекеме емес. Бұл әрбір тарихи дәуірде адамдар нені айтуы немесе ойлауы мүмкін екенін, қандай идеялар шын болмаса жалған деп танылатынын, не елестетуге немесе білдіруге болатынын айқындайтын көрінбейтін ережелер жүйесі. Яғни, белгілі бір кезеңде мүмкін болатын білім мен пайымдардың шекарасын белгілейтін – түсініктер жиынтығы [16, с. 247]. Мысалы, XVIII–XIX ғасырларда жануарларға қатысты белгілі бір «мұрағат» қалыптасты. Бұл мұрағатта, «адам» мен «жануар» ұғымдарының арасына нақты шекара қойып, жануарларды ақыл-ойы мен сана-сезімі жоқ тіршілік иелері ретінде қарастырды. Сондай-ақ жануарларға қатысты белгілі бір тәжірибелерді заңдастырды (ғылыми эксперименттер үшін пайдалану, тамақ үшін жаппай өсіру); жануарларды түсінудің балама тәсілдерін ығыстырды немесе шетке ысырды (байырғы халықтардың жануарларды рухы бар тіршілік иелері ретінде қарастыратын анимистік түсініктері). Осындай «мұрағат» шеңберінде ғалымдар да, қарапайым адамдар да жануарларды белгіленген санаттардан тыс елестете алмады. «Жануарлар құқығы», «жануардың санасы» сынды ұғымдар сол уақыттағы таным жүйесінде мүмкін емес, қабылданбайтын деп есептелді. Ал жазба қалдырмайтын, сондықтан мұрағаттарда көрінбей қалатын жануарлардың тарихқа қатысуын қайта қарау үшін, зерттеушілерге жаңа әдістер қажет. Яғни, жазбаша мәтіннен тыс дереккөздерді постмодернистік тәсіл (дискурс талдау) арқылы қарастыру. Бұл тәсіл бойынша деректерді талдауда ішкі қарама-қайшылықтарын, жасырын болжамдарын ашу, шындықтың салыстырмалылығы мен көптігін мойындау сияқты принциптерге негізделген, түрлі санаттардың, тәжірибелердің және репрезентациялардың қалай қалыптасып, өзгергенін көрсететін, әртүрлі көзқарастарды қабылдауға және дәстүрлі әдістер елемейтін құбылыстарды зерттеуге мүмкіндік беретін тәсіл ретінде қарастыруға болады.

**Нәтижелері.** Жануарлар мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жаңа қозғалыстар шартты түрде өзара ұқсас көзқарасты ұстанушыларды біріктірді. Бұл адамның жануарларға деген жай ғана гуманистік қатынасының көрінісі емес, сонымен қатар антропоцентризмнің өзін сынға алу болды, яғни әлемді тек адам құндылықтары мен тәжірибесі тұрғысынан қабылдауға қарсы көзқарас [17]. Себебі бұл қозғалыстар жануарлардың тең және ажырамас құқықтарын, соның ішінде олардың да «дауысы болу» құқығын мойындауды талап етті. Осылайша, бұл қозғалыстар мен жануарларға қатысты қалыптасқан жаңа дискурс ғылыми бағыттың жануарларға бағытталуына серпін берді. «Animal studies» (жануарлар зерттеулері) саласында жануарлардың «дауысы» немесе олардың «субъектілік» құқығы мәселесі әдіснамалық әрі этикалық тұрғыдан ең өзекті сұрақтардың біріне айналды.

Бұл саладағы зерттеушілер аталған мәселенің бірнеше қырын қарастырады: олардың бір бөлігі жазба деректердің шектеулі болуы, тарихты жазуға және кез келген тарихты жасаушылардың тәжірибелеріне қол жеткізуге кедергі болмайды деп санайды. Кез келген түрге, кез келген экологиялық ортада әрі кез келген ғылым саласында «дауыс» білдіруге мүмкіндік алады деген пікірмен келіседі [15, 18]. Мәлімет алудың алғашқы, әрі ең кең таралған тәсілі адамдар жасаған бар дереккөздерді қайта оқу және олардың жануарларға қатысты мазмұнын талдау, немесе осы дереккөздерді жануарлардың көзқарасын анықтау

мақсатында сыни тұрғыда қайта қарастыру болып табылады. Яғни, құжаттау, талқылау және талдау әдістері бір қарағанда, тарихи мәселені зерттеудің ең қарапайым әдісі сияқты көрінуі мүмкін. Алайда барлық тірі ағзалардың өзара байланыстылығы мен экожүйелерді кешенді тұрғыдан түсінудің маңыздылығы туралы түсініктің артуы субъектілік мәселесін тек жануарлармен ғана шектемей, зерттеу субъектілерінің аясын кеңейтті. Адамнан бөлек өсімдіктер, саңырауқұлақтар, микроағзалар және олардың жануарлармен әрі қауымдастықтармен өзара әрекеттестігі де ғылыми зерттеулердің нысанына айналды. Бұл кейінірек «species turn» (түрлік бетбұрыс) деп аталған бағыттың бастамасына айналды, соның нәтижесінде көптүрлі/тұраралық этнография (multispecies ethnography) деп аталатын жаңа сала айналымға енді [19]. Аталған сала адамдар мен жәндіктер арасындағы өзара байланыстарды [20], немесе адамдар мен мацутакэ саңырауқұлақтарының өзара тәуелділігін [21] зерттейді. Тұраралық этнографияда зерттеушілерге адамдар мен өзге түрлер арасындағы қатынастарды зерделеуге мүмкіндік беретін бірқатар арнайы әдістер қолданылады. Алайда көп жағдайда бұл әдістер зерттеушінің зерттелетін ортаны ұзақ мерзімді бақылауын талап етеді [22, б. 61]. Мысалы, адамдардың басқа түрлермен өзара әрекеттесу тәсілдерін тіркеу: бақылау, дәстүрлі/жергілікті білімді жинау, аңшылық, үйрету және т.б.

Соған қарамастан, кейбір авторлар жануарлар немесе өсімдіктердің «көзқарасы тұрғысынан» тарихты жазу, тіпті оларға «дауыс беру» мүмкіндігіне күмәнмен қарайды. Д. Суонсонның пікірінше, басты шатасудың себебі осы тәсілдің мәнінде жатыр. Антропоцентризмдік көзқарастан бас тартуға тырысып, адамдар «біз, саналы тіршілік иелері, өзіміздің биологиялық және мәдени шектеулерімізді еңсеріп, санамызды өзгерту арқылы өткен мен қазіргі уақытты өзге түрлердің көзқарасымен көре аламыз», – деген ойға жол беруі дейді [23, б. 143]. Осы ойды Дж. Санбонмацу жалғастыра отырып, зерттеушілер тәжірибеге ие бола алмайтын организмдерге «даусын» беруге тырысып немесе оларды басқа тірі жандармен бір санатқа енгізу арқылы санаттық (категориялық) қателікке жол береді деп атап өтеді. Сана-сезімі бар тіршілік иелерімен (жануарлармен) ғана қарым-қатынас орнатуға болады, ал вирустармен, өсімдіктермен және басқа да тірі организмдермен адамзаттың «қарым-қатынасы» туралы тек ауыспалы мағынада ғана айтуға болады деп тұжырымдайды [24, б. 121].

Дегенмен, бұл пікірталаста үшінші бір зерттеушілер тобы да бар, олар сынға ұшыратудан аулақ, байсалды ұстанымды қолдай отырып, жануарлардың дербестігін мойындауға болады, сонымен қатар жануарлар мен адамдар арасындағы қатынастарды адам көзқарасынан зерттеуге де болады [25], және бұл екеуінің бірін таңдау міндетті емес [14] деп көрсетеді. Яғни, «әлемге адам құндылықтары мен тәжірибесі тұрғысынан қарауды» толықтай жоққа шығармау. Бұл сұрақты Дж. Саха да көтереді және ол британ империализмінің отарлық Мьянмадағы жануарларға әсерін зерттейді [26]. Ол колониядағы материалдық және мәдени өзгерістерге назар аударуға тырысады. Осы орайда жануарлар мен отарланған адамдарды зерттеу, тарихшының алдына екі міндет қояды. Біріншіден, бір талдау аясында екеуінің де тарихи тәжірибесін қалай қалпына келтіруге болады. Екіншіден, постколониялық жануарларды зерттеу тәсілдерін ғылымға қалай кіріктіруге болады деген мәселелер. Автор отарланған Мьянма тарихын жануарлар тұрғысынан (animal-centered) толық сипаттауға ұмтылмайды. Ол сондай-ақ бағындырылған бирмалық жануарлардың көзқарастарын ашуға да тырыспайды. Оның орнына, автор адамдар мен жануарлар арасындағы қақтығыстар мен өзара серіктестігіне назар аударуға тырысады: жануарлар отарлаудың жай ғана нысандары емес, белсенді қатысушылары ретінде қарастыру – жануарлар қарсылық көрсетіп, бейімделіп, отарлық тәжірибелерді өзгеріске ұшыратты; жануарларды отарлық үстемдік құралы ретінде пайдалану – аңшылық, ауыл шаруашылығында өз орнын тапты; сонымен қатар жануарлар туралы білімдердің (зоология, ветеринария) отарлық контексте қалыптасу жолдарын талдауды қарастырды.

Бұл мүмкіндік гуманитарлық ғылым алдында антропоцентризмнің «нысандық шектеуін» еңсеруге жол ашты [3, б. 20], әрі жануардың рөлін ғана емес, оның адаммен байланысын да зерделеу мәселесін көтерді.

**Талқылау.** Жануарларды тек жаратылыстану ғылымдарында ғана емес, сонымен бірге гуманитарлық ғылымдарда да [27, б. 271], адамдар мен жануарлар арасындағы өзара әрекеттесудің жиынтығы ретінде қарастырудың бұл жаңа тәсілі, «human-animal studies» (жануарлар мен адамдар қатынастарын зерттеу) немесе жай ғана «animal studies» (жануарларды зерттеу) атты жаңа пәнаралық салаға жол ашты. Әртүрлі зерттеу салаларының қиылысуына байланысты, аталмыш сала көптеген өзге атауларға ие, және олардың барлығы дұрыс, себебі әрқайсысы адамның жануарлармен қарым-қатынасын өз саласы тұрғысынан зерттейді. Мысалы, психологиядағы пәннің арнайы атауы «human-animal interactions» (жануарлар мен адамдардың өзара әрекеттесуі) деп көрсетіледі. Бұл орайда қарым-қатынас түсінігі өзара әрекеттесу термині арқылы ауыстырылды, себебі өз референтінің мінез-құлқын анағұрлым нақты бақылайтын психологтар үшін әрекеттің ерекше маңызы бар. Немесе «critical animal studies» (жануарларды сыни зерттеу), қатаң түрде езгі жүйесіне негізделген, адам мен жануарлар арасындағы қатынастардың этикалық, әлеуметтік әділеттілігін зерттейді. Бұл маңыздылықты Х.Педерсен атап өткендей, адамдар мен жануарлар арасындағы қарым-қатынас саласындағы тармақтардың алғышарттары, перспективалары мен мақсаттары жартылай әртүрлі болғанымен, ғылыми білім өндірісінде бірлесіп жұмыс істей алады және бір-бірін толықтыра алады [28].

Гуманитарлық ғылымдардағы «жануарларға бет бұрудан» кейінгі өзгерістер, атап айтқанда тарих ғылымында пәнаралықтың ерекше байланысын дамытты, философиядан бастап ветеринарлық медицинаға дейінгі әртүрлі салалардан, түрлі тарихи дереккөздерді оқуға болатын қағидаттар мен теорияларды пайдалану белең ала бастады. Көп жағдайда, жануарлардың өткені туралы деректердің көпшілігі жануарлар туралы жазған, оларды суреттеп салған, фотосуретке түсірген адам баласынан қалып отырды. Олар көбінесе жануарларды перифериялық немесе фондық объектілер ретінде құжаттады. Жануарлардың өздері міндетті түрде тарихи зерделеуге бағытталмаған, құпия мағынасы ашылуы қиын, тіпті ашылуы мүмкін емес түрлі іздерді қалдырып отырды. Жануарлар тарихының әдіснамалық мәселелеріне арналған жұмыстардың бірінің авторлары, Дж. Боннелл мен С. Керадж, өздігінен аз ғана із қалдырған маргиналды, яғни қоғамдық өмірден шеттетілген адамдардың оқиғаларын айту әрекеттері туралы да дәл осылай айтуға болатынын атап өтеді [18, б. 3]. Олай болса тарихшылар жануарлар тарихын қалай жеткізе алады?

Сұрақтың жауабы жануарлардың тілін және олардың денелерін мәтіндер ретінде оқу тәсілдерін іздеуде жатыр, бұл өз кезегінде тарихшылар үшін қол жетімді дереккөздер шеңберін кеңейтеді және басқа «түрлердің» тарихын айту мүмкіндіктерін ашады. Мысалы, С. Сварт жануарлардың денелерін әртүрлі пәнаралық линзаларды қабылдау арқылы ғалымдар үшін оқуға қол жетімді болатын дереккөздер, тіл және коммуникация формалары ретінде оқу тәсілдерін ұсынады. Моңғолияның жабайы жылқыларын зерттеу барысында, автор, жылқылардың жаңа тарихын зерттелмеген жерлерден табуға болатынын анықтады: тірі не өлі жануарларда да – қол тимеген жергілікті білімнің мұрағаттарында немесе денеде, бұлшықеттерінде, қозғалыста, теріде, шаш пен сүйекте болуы мүмкін деп көрсетеді. Оның дереккөздер тізімінде тіпті жылқы қиының да қосылғанын байқауға болады [29, б. 19-48]. Автордың пікірінше, жергілікті немесе халықтық білім адам мен жануар тарихын жазу кезінде сирек қолданылатын дерек болып табылады. Жаңа мұрағаттық мағынаны халықтық ойды алдыңғы қатарға шығару арқылы табуға болады. Мысалы, жылқы баптаумен айналысатын моңғолдар жылқы белгілерін зерттеп, оқытуы керек – немесе оларды бірлесіп құруы керек болды. Осылайша олар вербалды емес белгілерді түсіне алды, мысалы, жылқы құйрығын бұлғаған кезде, немесе басын шайқаған кезде, немесе көңіл-күйін білдіру үшін құлақтарын қозғалтқан кезде түсінуі шарт еді.

Жануарларды тану әрекеттерінде, автор жылқышыдан неге моңғол жылқыларының аттары жоқ екенін сұрайды. Оған жолбасшысы: «Тек түстері ғана бар» деп жауап береді. Сонда ол сұрағын қайталап: «Ал егер сізде екі бірдей түс болса ше?» деп сұрайды. Ол ақырын күліп: «Олар ешқашан бір түсті болмайды» деп жауап береді [29, б. 42]. Мұнда жергілікті тұрғындардан ғана білуге болатын жергілікті/халықтық білімнің маңыздылығын көруге болады.

Жылқы мен адам арасындағы қарым-қатынас, оның иесінің тұлғасында, тарихи қабылданған ерттеу технологиясымен байланысты болуы мүмкін. Негізі моңғол шабандоздары аттың арқасына жоғары отырады, бәлкім, жартылай мініп, бүйірге еңкейіп отыруы, тек қатты ер-тұрманның себебі ғана емес, сонымен қатар кішкентай жылқыларының қысқа және серпіле жүрісін өтеу үшін болар деп те топшылайды. Осыған байланысты, автордың мінген жылқысы да оған ерттеу технологиясын дұрыс қолданбағанын еске салады, яғни дұрыс отырмау сияқты белгілер. Бұл өз кезегінде оның жылқысының ашуына тиеді және ол мұны микроқозғалыстар арқылы түсіндірді деп көрсетеді [29, б. 30]. Яғни, денелер тек биологияны ғана емес, сонымен қатар мәдениетті де хабарлайды, ал мәдениеттің әрқашан тарихы бар. Бұл мысалдардан дене мен дене туралы білімнің моңғол жылқыларының тарихи қабылданған субъектілігін көрсете алатындығын аңғартады.

Л.Маршалл адамзат тарихындағы жылқыларды сараптауда сәл басқаша көзқарас қолданады. Ол шабандоздық өнерімен танымал дакота тайпаларының (команчилер мен оцети саковиндердің) дәстүрлі экологиялық білімдеріне сүйене отырып, XIX ғасырдағы АҚШ-тың батысындағы қоныс аударушылар мен адам-жылқы қарым-қатынасы туралы жергілікті түсініктер арасындағы эпистемологиялық алшақтықты зерттейді [30]. Маршалл үшін қоныс аударушылар мен жергілікті халықтар арасындағы, жылқыларға бағытталған қақтығыстардың тарихын жазу – тарихи зерттеулерді отарсыздандырудың қуатты құралына айналды.

Бұндай жылқыларға бағытталған талдауды көрсету үшін, ол жануарлардың мінез-құлқы арқылы жылқы мен адамдар арасындағы мәдени ерекшелікке негізделген өзара әрекеттесудің екі мысалына назар аударады. Бірінші мысал ретінде, автор америкалық әскерилердің сою үшін дайындаған дакота жылқысы туралы келтіреді: бостандыққа қашып шыққан жылқылар, ары қарай қашып кетудің орнына, өздерінің «адам серіктестеріне» қарай шауып, шаршағанынан шамасы жеткен жерге дейін, әрқайсысы өзінің шабандозын қауіпсіз жерге алып барды [30, б. 77].

Екінші эпизод 1876 жылғы АҚШ-тың тұрақты армиясы мен үндіс тайпаларының арасында өткен «*Литл-Бигхорн*» шайқасымен байланысты. Бұл шайқастың айналасында көптеген әңгімелер, тұжырымдар әлі күнге дейін айтылуда. Соның бір пікірі ретінде, ғалымдар мен энтузиастардың 1876 жылы Жетінші атты әскер полкінің жеңілуіндегі жылқылардың рөлі туралы атап өтеді. Лакота-солтүстік шайенн үндістер одағы мен АҚШ армиясының Жетінші атты әскер полкі арасындағы атақты шайқас 1876 жылдың 25-26 маусымында Монтанадағы Литл-Бигхорн өзенінде болды. Шайқас американдық полктың бес ротасының жойылуымен және оның атақты қолбасшысы Джордж Кастердің өлімімен аяқталды. Сонда жылқылардың рөлі қандай болды? Маршалл жеңілістің бір себебі ретінде келесі мәселелерді атап өтеді. Жылқылармен жұмыс істеу тәжірибесінің жоқтығы, Кастердің қолбасшылығындағы колоннаның фортты тастап кетпес бұрын әр ротадағы жылқыларды араластыруы, және бұл үлкен қате болғаны туралы бірнеше дәлелдер келтіреді. Бұл қадам жылқы мен шабандоздың жұптарының өзара алмастырылуы ретінде орын алуы мүмкін еді деп болжайды. Оқытылған атты әскер жылқысы осы іске жауап беретін шабандозбен оңай жұмыс істей алды, бірақ, иелерінің ауыстырылуы жайлы хабарды ескерсек, әсіресе жылқы мен шабандоз арасындағы негізінен берік қатынастарға негізделген Жазық халықтарының шабандоздық шеберлігімен бетпе-бет келгенде, бұл тәжірибе Кастер әскерлерін тиімсіз жағдайға қоюы мүмкін еді, әсіресе ең тәжірибесіз қатардағы жауынгерлер үшін қиын болды. Жылқы мен шабандоз арасында байланыстың

болмауы қиындық туғызды. Мұндай мысал қатардағы жауынгер Джеймс Терлиді алып жүрген жылқының, кенеттен тоқтаудан бас тартып, тікелей жау шептеріне алып кетуі жайлы деректерден көруге болады [30, б. 83-84]. Кастер тарапынан бұл жылқылардың құндылығын тек олардың дене күші мен еңбегімен ғана бағалау ретінде қарастырылуы мүмкін, ал олардың ақыл-ойы, ерік-жігері және үндістердің ойындағы серіктестігі назарға алынбады. Яғни, біз жануар мен адам арасындағы қарым-қатынасты түсінудегі айырмашылықтардың болуын көре аламыз.

Осы мағынада, жануардың көрсеткен мінез-құлқының мысалдарын әрекет етуші субъект ретінде қарастыруға болады. Осының негізінде ветеринарлар немесе зоотехник мамандарының жазған құжаттарын жануарлардың бастапқы реакциясын немесе қарсылығын қадағалап, осы мінез-құлықты түсіндіру үшін пайдалануға болады. Э. Баратай Францияда өнеркәсіптік «революция» кезінде шахталардағы жылқылардың өмірлік тәжірибесінің тарихын мысал ретінде келтіріп, жануарлардың жеке бейімделуі мен қарсыласуын көрсету үшін үшін инженерлер, ветеринарлар мен шахтерлердің есептерін пайдаланады [31, б. 7]. Осылайша, біз шынымен де әрекет ететін және жауап қайтаратын, адамдарды өздерімен санасуға мәжбүр ететін жануарлар екенін көрсете аламыз. Екінші мысал ретінде, бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Еуропадағы жануарларды әскерге жөнелту мен Солтүстік Америкадағы жануарлар аукциондары кезінде мінез-құлқын жазып алған ветеринарлардың есебінен жылқылардың күйзелісін көруге болатынын атап өтеді. Басқаша айтқанда, этологияны куәгерлердің деректерін талдау үшін пайдалануға болады. Бұл өзара түсініспеушіліктің кейбір себептерін ашып көрсетуі мүмкін, мысалы, әскерге шақырылған жылқылардың неліктен темір жол вагондарына мініп кетпей, ерлердің қайта-қайта, жеті-сегіз рет айқайлап, тіпті соғып жатқанына қарамастан бас тартуы орын алды. Немесе жануарлардың мінез-құлқы мен белгілерінің маңыздылығын 1914 жылдың жазында ауыр жұмыс пен адам төзгісіз ыстықтан кейін жылқылардың тез сусыздануынан, адамдарға қажеттілігін ескертетін белгінің бермеуінен жылқылардың жоғары өліміне қалай себеп болғанын көрсетті [31, б. 8].

Бұл ретте, Дж. Спехт сияқты зерттеушілер тарих ғылымы кезекті гуманитарлық «бұрылыстан» кейін «жеңіске жетті/салтанат құрды» деп санайды, сол арқылы зерттеу объектілерін кеңейтті деп есептейді. Бұнымен шындығында келісуге болады. Енді тарих ғылымы адам мен жануар арасындағы тікелей қарым-қатынастар мәселесін ғана емес, сонымен бірге тарихи процестерге жануардың призмасы арқылы қарауға тырысады, бұл көбінесе отарлау және империализм сияқты процестерді зерттеуге жаңа мүмкіндік сыйлайды [32, б. 327]. Жануарлар призмасы арқылы қарау отарлау кезіндегі билік қатынастарын, табиғатты игеру стратегияларын және мәдени байланыстарды жаңаша түсінуге көмектеседі. Мысалы, В. Андерсонның жұмысы XVII ғасырда қара малдың үндістерді өз жерлерінен ығыстыруға қалай ықпал еткенін зерттейді. Ол шын мәнінде бұл жануарлардың, тіпті оларды әкелген отаршылдардан да гөрі, Америка жерлерін өздерінің меншігі ретінде талап ету жарысында жеңіске жеткенін айтады [33, б. 11]. Дегенмен, ерте Америкада болған оқиғаларда малды кінәлау қиын. Бірақ ол сөзсіз отаршылдар үшін өте қажет болған оқиғалар барысын қалыптастыруға көмектесті, осылайша, қара мал ағылшындарға таң қаларлық жылдамдықпен және мұқияттылықпен Жаңа Әлемге өз үстемдігін кеңейтуге мүмкіндік берді [33, б. 242]. Сонымен қатар, Д.Р. Фишердің де жұмысы XIX ғасырда Калифорния мен Гавайи аралдарындағы отарлық аумақтарының маңызды мәдени, экономикалық және экологиялық өзгерістерге ұшырағанын, бұл ықтималдығы ең аз фактор – қара малдың әсерінен болғанын зерттейді. Коммерциялық мал шаруашылығының өсуі барған сайын көбірек жер ресурстарын талап етті, бұл ретте байырғы тұрғындар негізінен жерсіз және капиталистерге тәуелді бола бастады. Еуропалық меншік тұжырымдамаларын, әсіресе мал иелену тұрғысынан енгізу, байырғы халықтардың жерді пайдалануын әлсіретті [34]. Жануар денелерін коммерцияландыру – Дж. Саханың жұмысында кездесетін тақырыптардың бірі. Онда отаршыл үкімет ағаш өндірісінде және

күріш өсіруде пілдер мен өгіздерді «жансыз капиталға» айналдыруға тырысады [26, б. [51-82].

Одан әрі, Х. Ритвоның екі негізгі жұмысы, бірінші жұмыста ХІХ ғасырдағы таксономия және түр тұжырымдамасын ғылыми қабылдау – бұл түсіну, ұйымдастыру, жіктеу және нәтижесінде бұл тұжырымдаманы ұтымды пайдалану үшін жасалған жоба екені көрсетіледі [35]. Ал екіншісінде, ХІХ ғасырдағы ағылшын мәдениетіндегі жануарлардың рөлі қарастырылады, онда сезімдер (үй жануарларын өсіру), экономика (мал шаруашылығы) және қызығушылық (табиғи тарих) сияқты алғашқы түрткілердің ықпалымен туындауы мүмкін өзара әрекеттестіктің кең спектрі сипатталады [36, б. 4]. ХІХ ғасырдағы Англияның жануарларымен байланысты көптеген жеке дискурстар, үстемдік пен қанау туралы орталық тақырыпты белгілеген бір үлкен бірлікті құрады. Жануарлар адам күшін дәріптейтін және оның ықпалын кеңейтетін риторика үшін бірегей қолайлы нысандар ретінде қарастырылды [36, б. 6].

Қазақ жылқыларын империялық әскерде қолдану мүмкіндігінің мысалы алғаш рет француз зерттеушісі К. Ферреттің "Империяға арналған жылқылар" атты мақаласында ұсынылды [37]. Бұл қызығушылық жергілікті тұқымдардың сапасы, олардың жақсару ықтималдылығы, сондай-ақ жергілікті атқа міну ерекшеліктері туралы бағалау пікірлерінде көрініс тапты. Аталған мәселе арнайы орыс баспасөзінде (әскери және жылқы өсіру журналдарында) патшалық билік тараған аумақтарды өз атты әскері үшін пайдалы қолдануға болады деген үміт негізінде талқыланды [37, б. 211]. Бұл Торғай облысында мемлекеттік жылқы зауытының ашылуына әсерін тигізді. Автордың пікірінше, жылқы отарлық жаулаудың құралы да, мақсаты да болды. Сонымен қатар, жануарлармен алмасу, баптау әдістері мен атқа міну техникасын қабылдау екі бағытта да жүріп, кейде үстемдік етуші мен бағынышты арасындағы қатынастардың төңкерілуіне әкеліп, отаршылдар мен отарланғандар арасындағы байланыстың күрделілігін көрсетті. Ш. МакДэниелдің де пікірі, ресей билігі қазақ даласын әскери, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіптік секторлары үшін жылқылардың шексіз көзі ретінде қарастыра бастағаны туралы пікірмен ішінара сәйкес келеді [38].

Бұл жұмыстардан біз нені көре аламыз? Отарлау контекстінде жануарлар экономикалық ресурс, билік нышаны, ғылыми нысан, отарлау құралы ретінде қызмет ете алды, бұл өз кезегінде жергілікті жерде қалыптасқан адамдар мен жануарлар арасындағы өзара әрекеттесуді өзгертіп, жаңа иерархияларды, пайдалану тәжірибелерін және білім жүйелерін құрды.

**Қорытынды.** Осылайша, «жануарларға бетбұрыс» білім өндірісіндегі балама көзқарасқа алып келеді. Өз кезегінде жануарларды нысан ретінде қамтып қана қоймай, тарихи әлемдегі болмыс пен оны түсінудің сансыз тәсілдерінде негізгі әрекет етуші ретінде назар орталығына қояды. Сонымен қатар, жануарлар әлемінің жаңа дискурсы отарлық саясатты «призма» арқылы қарастыруға мүмкіндік береді, онда мал басы, колонияның «агентіне» [39] тең, маңызды миссияны орындайтын отарлық саясаттың бір бөлігі болып табылады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Никитина Е.Б. *Исследования животных: непослушные заметки по краям // Социология власти. – 2019. – Т.31. – №3. – С. 8-30.*
2. Crosby A. *Ecological Imperialism: The Biological Expansion of Europe, 900-1900. – Cambridge University Press, 1986. – 390 p.*
3. Солодянкина О.Ю. *История животных: новые исследовательские возможности // Historia Provinciae – журнал региональной истории. – 2018. – Т. 2. – №1. – С. 19-30.*
4. Ritvo H. *On the animal turn // Deedalus. – 2007. – Vol. 136. – Is. 4. – P. 118-122.*
5. Дуйсебаева А.И. *«Животные бродят по роцам академического мира»: «Animal turn» и новые исследовательские возможности // Современные научные исследования: актуальные вопросы, достижения и инновации: сборник статей XI Международной*

научно-практической конференции. – Пенза: МЦНС «Наука и просвещение», 2020. – С. 113-116.

6. Weitering K. *Recent Studies in Animal History // Cultural History*. – 2020. – Vol. 9. - No. 1. – P. 123-128.

7. Nail T. *The Crossroads of Power: Michel Foucault and the US/Mexico Border Wall // Foucault Studies*. – 2013. – No. 15. – P. 110-118.

8. Токтабай А. *Қазақ жылқысының тарихы*. – Алматы: Алматыкітап, 2010. – 496 с.

9. Сансызбай А.Р. *Жылқы және түйе аурулары*. – Алматы: Бастау, 1998. – 151 с.

10. Бабалықұлы Ж. *Мал ауруларының қазақша атаулары*. – Алматы: Кайнар, 1986. – 240 б.

11. Токтабай А.У. *Кульмт коня у казахов*. – Алматы: Казиздат-КТ, 2004. – 124 с.

12. Толеубаев А.Т. *Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – начало XX в .).* – Алматы: Ғылым, 1991. – 214 с.

13. Fudge E. *A Left-Handed Blow: Writing the History of Animals / Representing Animals / Ed. by Rothfels N.* – Bloomington, IN: Indiana University Press, 2002. – P. 3-18.

14. Kean H., Howell P. *The Routledge Companion to Animal Human History*. – London/New York: Routledge, 2018. – 560 p.

15. Roscher M., Krebber A., Mizelle B. *Handbook of Historical Animal Studies*. – Berlin: Walter de Gruyter, 2021. – 637 pp.

16. Фуко М. *Археология знания / Пер. с фр. М.Б. Раковой, А.Ю. Серебрянниковой; вступ. ст. А.С. Колесникова*. – СПб.: ИЦ «Гуманитарная Академия»; Университетская книга, 2004. – 416 с.

17. “Anthropocentric”. Merriam-Webster.com Dictionary, Merriam-Webster [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: <https://www.merriam-webster.com/dictionary/anthropocentric> (20.03.2025).

18. Bonnell J., Kheraj S. *Traces of the Animal Past: Methodological Challenges in Animal History*. – University of Calgary Press, 2022. – 428 p.

19. Kirksey S.E., Helmreich S. *The Emergence of Multispecies Ethnography // Cultural Anthropology*. – 2010. – Vol. 25. – No. 4. – P. 545-576.

20. Raffles H. *Insectopedia*. – New York: Pantheon Books, 2010. – 465 p.

21. Tsing A. *The Mushroom at the End of the World: On the Possibility of Life in Capitalist Ruins*. – Princeton University Press, 2015. – 352 p.

22. Фредерик Кек / Форум: Люди и другие живые существа // Антропологический форум. – 2024. – No. 62. – С. 61-63. doi: 10.31250/1815-8870-2024-20-62-11-224

23. Суонсон Д. «Окно или зеркало?» / Форум: Люди и другие живые существа // Антропологический форум. – 2024. – No. 62. – С. 140-146. doi: 10.31250/1815-8870-2024-20-62-11-224

24. Санбонмацу Дж. / Форум: Люди и другие живые существа // Антропологический форум. – 2024. – No. 62. – С. 118-126. doi: 10.31250/1815-8870-2024-20-62-11-224

25. Ферре К. (Воз)действуя на животных и вместе с ними / Форум: Люди и другие живые существа // Антропологический форум. – 2024. – No. 62. – С. 159-170. doi: 10.31250/1815-8870-2024-20-62-11-224

26. Saha J. *Colonizing Animals: Interspecies Empire in Myanmar*. – Cambridge University Press, 2022. – 234 p.

27. Swart S. “But Where's the Bloody Horse?”: Textuality and Corporeality in the “Animal Turn” // JLS/TSW. – 2007. – №23 (3). – P. 271-292.

28. Pedersen H. *Knowledge production in the “animal turn”: Multiplying the image of thought, empathy, and justice / Exploring the Animal Turn: Human-animal relations in Science, Society and Culture / Ed by E.A. Cederholm, and others*. – Lund: Pufendorfinstitutet, 2014. – P. 13-17.

29. Swart S. *Kicking over the Traces? Freeing the Animal from the Archive / Traces of the Animal Past: Methodological Challenges in Animal History*. – University of Calgary Press, 2022. – P. 19-48.

30. Marshall L.S. *Hearing History through Hoofbeats: Exploring Equine Volition and Voice in the Archive / Traces of the Animal Past: Methodological Challenges in Animal History*. – University of Calgary Press, 2022. – P. 73-88.
31. Baratay E. *Buiding an Animal History / French Thinking about Animal* / Ed. by L. Mackensie. – Michigan State University Press, 2015. – P. 3-14.
32. Specht J. *Animal history after its triumph: unexpected animals, evolutionary approaches and the animal lens* // *History Compass*. – 2016. – No. 14/7. – P. 326-336.
33. Anderson V.D. *Creatures of Empire: How Domestic Animals Transformed Early America*. – Oxford and New York: Oxford University Press, 2004. – 322 p.
34. Fischer J.R. *Cattle Colonialism: An Environmental History of the Conquest of California and Hawai'i*. – Chapel Hill, NC: UNC Press, 2015. – 266 p.
35. Ritvo H. *The Platypus and the Mermaid: and Other Figments of the Classifying Imagination*. – Harvard University Press, 1998. – 304 p.
36. Ritvo H. *The Animal Estate: The English and Other Creatures in the Victorian Age*. – Cambridge: Harvard University Press, 1987. – 347 p.
37. Ferret C. *Des chevaux pour l'empire* // *Cahiers d'Asie centrale*. – 2009. – №17/18. – P. 211-253.
38. McDaniel S. *Equine Empire: horses and power on the Kazakh steppe, 1880s-1920s*. Ph.D. Dissertation. – Michigan State University, 2019. – 242 p.
39. Rees A. *Animal agents? Historiography, theory and the history of science in the Anthropocene* // *BJHS: Themes*. – 2017. – Vol. 2. – P. 1-10.

#### References:

1. Nikitina E.B. *Issledovaniya zhivotnyh: neposlushnye zametki po krajam* [Animal Studies: Naughty Notes around the Edges] // *Sociologiya vlasti*. – 2019. – T.31. – №3. – S. 8-30. [in Russian]
2. Crosby A. *Ecological Imperialism: The Biological Expansion of Europe, 900-1900*. – Cambridge University Press, 1986. – 390 p.
3. Solodjankina O.Ju. *Istorija zhivotnyh: novye issledovatel'skie vozmozhnosti* [Animal History: New Research Opportunities] // *Historia Provinciae – zhurnal regional'noj istorii*. – 2018. – T. 2. – №1. – S. 19-30. [in Russian]
4. Ritvo H. *On the animal turn* // *Deadalus*. – 2007. – Vol. 136. – Is. 4. – P. 118-122.
5. Dujsebaeva A.I. «Zhivotnye brodyat po roshham akademicheskogo mira»: «Animal turn» i novye issledovatel'skie vozmozhnosti [“Animals Roam the Groves of the Academic World”: “Animal Turn” and New Research Opportunities] // *Sovremennye nauchnye issledovaniya: aktual'nye voprosy, dostizheniya i innovacii: sbornik statej HI Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii*. – Penza: MCNS «Nauka i prosveshhenie», 2020. – S. 113-116. [in Russian]
6. Weitering K. *Recent Studies in Animal History* // *Cultural History*. – 2020. – Vol. 9. – No. 1. – P. 123-128.
7. Nail T. *The Crossroads of Power: Michel Foucault and the US/Mexico Border Wall* // *Foucault Studies*. – 2013. – No. 15. – P. 110-118.
8. Toktabaj A. *Kazak zhylyksynyn tarihy* [History of the Kazakh horse]. – Almaty: Almatykitap, 2010. – 496 s. [in Kazakh]
9. Sansyzbaj A.R. *Zhylyk zhane tuje aurulary* [Horse and camel diseases]. – Almaty: Bastau, 1998. – 151 s. [in Kazakh]
10. Babalykuly Zh. *Mal aurularynyn kazaksha ataulary* [Kazakh names of livestock diseases]. – Almaty: Kajnar, 1986. – 240 b. [in Kazakh]
11. Toktabaj A.U. *Kul't konja u kazahov* [The Horse Cult of the Kazakhs]. – Almaty: Kazizdat-KT, 2004. – 124 c. [in Russian]

12. Toleubaev A.T. *Relikty doislamskih verovanij v semejnoi obrjadnosti kazahov (XIX – nachalo XX v.)* [Relics of Pre-Islamic Beliefs in the Family Rituals of the Kazakhs (19th – Early 20th Century)]. – Almaty: Gylym, 1991. – 214 s. [in Russian]
13. Fudge E. *A Left-Handed Blow: Writing the History of Animals / Representing Animals* / Ed. by Rothfels N. – Bloomington, IN: Indiana University Press, 2002. – P. 3-18.
14. Kean H., Howell P. *The Routledge Companion to Animal Human History*. – London/New York: Routledge, 2018. – 560 p.
15. Roscher M., Krebber A., Mizelle B. *Handbook of Historical Animal Studies*. – Berlin: Walter de Gruyter, 2021. – 637 pp.
16. Fuko M. *Arheologija znanija* / Per. s fr. M. B. Rakovoj, A. Ju. Serebrjannikovo; vstup. st. A. S. Kolesnikova. – SPb.: IC «Gumanitarnaja Akademija»; Universitetskaja kniga, 2004. – 416 s.
17. “Anthropocentric”. Merriam-Webster.com Dictionary, Merriam-Webster [Jelektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: URL: <https://www.merriam-webster.com/dictionary/anthropocentric> (20.03.2025).
18. Bonnell J., Kheraj S. *Traces of the Animal Past: Methodological Challenges in Animal History*. – University of Calgary Press, 2022. – 428 p.
19. Kirksey S.E., Helmreich S. *The Emergence of Multispecies Ethnography* // *Cultural Anthropology*. – 2010. – Vol. 25. – No. 4. – P. 545-576.
20. Raffles H. *Insectopedia*. – New York: Pantheon Books, 2010. – 465 p.
21. Tsing A. *The Mushroom at the End of the World: On the Possibility of Life in Capitalist Ruins*. – Princeton University Press, 2015. – 352 p.
22. Frederik Kek / Forum: Ljudi i drugie zhivye sushhestva // *Antropologicheskij forum*. – 2024. – No. 62. – S. 61-63. doi: 10.31250/1815-8870-2024-20-62-11-224
23. Suonson D. «Okno ili zerkalo?» [] / Forum: Ljudi i drugie zhivye sushhestva // *Antropologicheskij forum*. – 2024. – No. 62. – S. 140-146. doi: 10.31250/1815-8870-2024-20-62-11-224 [in Russian]
24. Sanbonmatsu J. / Forum: Ljudi i drugie zhivye sushhestva // *Antropologicheskij forum*. – 2024. – No. 62. – S. 118-126. doi: 10.31250/1815-8870-2024-20-62-11-224 [in Russian]
25. Ferre K. (Voz)dejstvuja na zhivotnyh i vmestes nimi [] / Forum: Ljudi i drugie zhivye sushhestva // *Antropologicheskij forum*. – 2024. – No. 62. – S. 159-170. doi: 10.31250/1815-8870-2024-20-62-11-224 [in Russian]
26. Saha J. *Colonizing Animals: Interspecies Empire in Myanmar*. – Cambridge University Press, 2022. – 234 p.
27. Swart S. “But Where's the Bloody Horse?": Textuality and Corporeality in the “Animal Turn” // *JLS/TSW*. – 2007. – №23 (3). – P. 271-292.
28. Pedersen N. Knowledge production in the “animal turn”: Multiplying the image of thought, empathy, and justice / *Exploring the Animal Turn: Human-animal relations in Science, Society and Culture* / Ed by E.A. Cederholm, and others. – Lund: Pufendorfinstitutet, 2014. – P. 13-17.
29. Swart S. *Kicking over the Traces? Freeing the Animal from the Archive / Traces of the Animal Past: Methodological Challenges in Animal History*. – University of Calgary Press, 2022. – P. 19-48.
30. Marshall L.S. *Hearing History through Hoofbeats: Exploring Equine Volition and Voice in the Archive / Traces of the Animal Past: Methodological Challenges in Animal History*. – University of Calgary Press, 2022. – P. 73-88.
31. Baratay E. *Buiding an Animal History / French Thinking about Animal* / Ed. by L. Mackensie. – Michigan State University Press, 2015. – P. 3-14.
32. Specht J. *Animal history after its triumph: unexpected animals, evolutionary approaches and the animal lens* // *History Compass*. – 2016. – No. 14/7. – P. 326-336.
33. Anderson V.D. *Creatures of Empire: How Domestic Animals Transformed Early America*. – Oxford and New York: Oxford University Press, 2004. – 322 p.
34. Fischer J.R. *Cattle Colonialism: An Environmental History of the Conquest of California and Hawai'i*. – Chapel Hill, NC: UNC Press, 2015. – 266 p.

35. Ritvo H. *The Platypus and the Mermaid: and Other Figments of the Classifying Imagination*. – Harvard University Press, 1998. – 304 p.
36. Ritvo H. *The Animal Estate: The English and Other Creatures in the Victorian Age*. – Cambridge: Harvard University Press, 1987. – 347 p.
37. Ferret C. *Des chevaux pour l'empire // Cahiers d'Asie centrale* - 2009 17/18 - P. 211-253.
38. McDaniel S. *Equine Empire: horses and power on the Kazakh steppe, 1880s-1920s*. Ph.D. Dissertation. – Michigan State University, 2019. – 242 p.
39. Rees A. *Animal agents? Historiography, theory and the history of science in the Anthropocene // BJHS: Themes*. – 2017. – Vol. 2. – P. 1-10.